



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Ақтөбе қаласы

№73

29.08.2025ж.

«2025-2026 оқу жылын бастау және аяқтау, білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру туралы»

Білім туралы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 18) тармақшасына және Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген), Ақтөбе облысы білім басқармасының 2025 жылғы 11 тамыздағы №340 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің №4-17-02-10/6213-И хатына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі 27.05.2024 жылғы комиссия отырысының хаттамасымен берілген тапсырмаларын орындау, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 28.08.2025 жылғы №396 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектеп әкімшілігіне:
 - 1.1. «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хаты басшылыққа алынсын.
 - 1.2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығы негізінде жаңа 2025-2026 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін қажетті барлық шаралар қабылдансын.
 - 1.3. Білім алушылар мен педагогтердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қатаң бақылауға алынсын.
 - 1.4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.
 - 1.5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен айқындалған оқу мерзімдері туралы ата-аналар назарына жеткізілсін:
2. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан №34 орта мектебінде 2025-2026 оқу жылының басталуы мен аяқталуының мерзімдері:
 - 2025 жылғы 1 қыркүйек – 2026 жылғы 25 мамырды қоса алғанда;
 - 1-11(12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
 - 1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 27 қазаннан бастап 2 қарашаны қоса алғанда);
 - 2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2025 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2026 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);
 - 3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2026 жылғы 19-29 наурызды қоса алғанда);
 - 1-сыныптарда қосымша каникул – күнтізбелік 7 күн (2026 жылғы 09-15 ақпанды қоса алғанда)
 - 4-тоқсан – 8 оқу аптасы.
2. Қорытынды аттестаттаудың мерзімдері:
 - 9 сынып білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2026 жылғы 29 мамырдан бастап 11 маусым аралығында;
 - 11 сынып білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2026 жылғы 02-15 маусым аралығында;

3. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мерзімдері:
9 сынып білім алушылары үшін:

- 1) Математика(алгебрадан) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2026 жылғы 29 мамыр;
- 2) Таңдау пәні (Физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет(оқыту тілі бойынша), шет тілі, информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 3 маусым;
- 3) Қазақ тілі бойынша(оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқитындар үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2026 жылғы 8 маусым;
- 4) Орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2026 жылғы 11 маусым;

11 сынып білім алушылары үшін:

- 1) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2026 жылғы 02 маусым;
- 2) Алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 5 маусым;
- 3) Қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 9 маусым;
- 4) Таңдау пәні (Физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, әдебиет, шет тілі, информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2026 жылғы 12 маусым.
- 5) Орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2026 жылғы 15 маусым.

1.6. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және техникалық кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.

1.7. Оқу жоспарын әзірлеуде «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

1.8. Мемлекетті қызмет көрсету жұмысын сапалы әрі уақытылы жүргізу қатаң бақылауға алынсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды жүзеге асыру директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А. К. Бекбулатоваға жүктелсін.

Мектеп директоры



А. С. Джамбулова